

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы табыстар пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 31 қазан N 185-1

1997 жылғы 7 наурызда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы табыстар пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы мен
Литва Республикасының арасындағы

**ТАБЫСТАР МЕН КАПИТАЛҒА САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРҒА
ҚАТЫСТЫ ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ
ТӨЛЕУДЕН БАСТARTУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ**

КОНВЕНЦИЯ

Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы, табыстар мен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден бастартуға жол бермеу туралы Конвенция жасауға тілек білдіре отырып,

мына мәселелер жайында уағдаласты:

1-Бап

КОНВЕНЦИЯ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-Бап

КОНВЕНЦИЯ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚТАР

1. Осы Конвенция алу тәсілдеріне қарамастан Уағдаласушы Мемлекет

немесе оның жергілікті өкімет органы алатын, табыс пен капиталға салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжыйтын және жылжымайтын мүлікті шеттетуден алынатын табыс салығын қоса жалпы табыстан, жалпы капиталдан немесе табыстың немесе капиталдың жекелеген элементтерінен алынатын барлық салықтар, сондай-ақ капитал құнының өсіміне салынатын салықтар табыс пен капиталға салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Конвенция қолданылатын алынып жүрген салықтар, атап айтқанда, мыналар болып табылады:

a) Қазақстанда:

- (I) заңды және жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық;
- (II) заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- (бұдан әрі "Қазақстан салығы" ретінде аталады);

b) Литвада:

- (I) заңды тұлғалардың пайдасына салынатын салық ("juridiniu asmenu pelno mokestis");
- (II) жеке тұлғалардың табыстарына салынатын салық ("fiziniu asmenu pajamu mokestis");
- (III) мемлекеттік капиталды пайдаланатын кәсіпорындарға салынатын салық ("palukanos uz valstybinio kapitalo naudojima");
- (IV) қозғалмайтын мүлікке салынатын салық ("nekilnojamojo turto

mokestis");

(бұдан әрі "Литва салығы" ретінде аталады).

4. Конвенция сондай-ақ осы Конвенцияға қол қойылған күннен кейін қазіргі орын алып отырған салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын кез-келген бірдей немесе іс жүзінде соларға ұқсас салықтарға да қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары олардың қолданылып жүрген салық заңдарына енгізілетін кез-келген елеулі өзгерістер жайында бір-бірін хабардар етіп отырады.

3-Бап ЖАЛПЫ АЙҚЫНДАМАЛАР

1. Егер контекстен басқа мағына тумаса, осы Конвенцияның мақсаттарғы үшін:

а) "Уағдаласушы Мемлекет" және "басқа Уағдаласушы Мемлекет" терминдері контекске қарай Қазақстанды немесе Литваны білдіреді.

б) т е р м и н :

I) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді. Географиялық мағынада қолданғанда "Қазақстан" термині халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан белгілі бір мақсаттар үшін егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыра алатын және Қазақстанның салықтарын реттейтін заңдар қолданылатын аумақтық суларды, айрықша экономикалық аймақ пен континенталдық шельфті қамтиды;

II) "Литва" Литва Республикасын білдіреді және географиялық мағынада қолданғанда Литва Республикасының аумағын, соның ішінде онда Литва заңы бойынша және халықаралық құқыққа сәйкес теңіз түбіне және оның қойнауына және олардың минеральды ресурстарына қатысты Литваның құқығы жүзеге асырылуы мүмкін Литва Республикасының аумақтық суларынан шектес жатқан әрбір аумақты білдіреді ;

с) "тұлға" термині жеке адамды, компанияны немесе тұлғалардың кез-келген басқа да бірлестігін қамтиды ;

d) "компания" термині салық салу мақсаттары үшін корпоративті бірлестік ретінде қарастырылатын кез-келген корпоративті бірлестікті немесе кез-келген экономикалық бірлікті білдіреді ;

e) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын

кәсіпорынды және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды
б і л д і р е д і ;

f) "халықаралық тасымал" термині теңіз немесе әуе кемесі тек қана

басқа Уағдаласушы Мемлекеттің ішіндегі пункттер арасында
пайдаланылатын жағдайлардан басқа кезде Уағдаласушы Мемлекеттің
кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесінің кез-келген тасымалын
білдіреді;

g) "құзырлы орган" термині;

(I) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның
өкілетті уәкілін;

(II) Литвада: Қаржы министрін немесе оның өкілетті
уәкілін білдіреді;

h) "ұлттық тұлға" термині:

(I) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығын алған кез-келген жеке
адамды;

(II) өздерінің осындай мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің
қолданылып жүрген заңдары негізінде алған кез-келген заңды тұлғаны,
серіктестікті немесе кез-келген басқа ассоциацияны білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекет Конвенцияны кез-келген уақытта
қолданғанда онда айқындалмаған кез-келген термин салықтарына осы
Конвенция қолданылатын сол Мемлекеттің заңдары бойынша, егер
контекстен басқа мағына шықпаса, қандай мағынаға ие болса, сондай
мағынаға ие болады.

4-Бап

РЕЗИДЕНТ

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті"
термині осы Мемлекеттің заңдары бойынша онда өзінің тұрғылықты жеріне,
резиденттігіне, басқару орнына, құрылған орнына немесе осындай сипаттағы
кез-келген басқа өлшемге байланысты салық салынатын кез-келген тұлғаны білдіреді.
Термин сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекеттің үкіметін немесе оның жергілікті өкімет
органдарын қамтиды. Алайда бұл термин тек осы Мемлекеттегі көздерден алынатын
табысқа қатысты немесе сонда орналасқан капиталға қатысты осы Мемлекетте салық
салынуға тиіс кез-келген тұлғаны қамтымайды.

2. 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің

екеуінің де резиденті болған жағдайда оның мәртебесі былай айқындалады:

а) ол өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі; егер оның Мемлекеттердің екеуінде де өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық байланыстары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып есептеледі;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе оның Мемлекеттердің бірде-біреуінде өзінің қарамағына жататын тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып е с е п т е л е д і ;

с) егер ол әдетте Мемлекеттердің екеуінде де тұратын болса немесе олардың біреуінде де тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып е с е п т е л е д і ;

д) егер резиденттің құзыры а) - с) қосымша тармақтарға сәйкес анықталмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісе отырып ш е ш е д і .

3. Егер I тармақтың ережелерінің себебімен байланысты жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары мәселені өзара келісе отырып шешуге ұмтылады және мұндай тұлғаға Конвенцияны қолданудың әдісін анықтайды. Мұндай келісім болмаса, осы Конвенцияның

мақсаттары үшін тұлға әрбір Уағдаласушы Мемлекетте басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ретінде қаралмайды.

5-Бап ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині сол арқылы кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. "Тұрақты мекеме" термині, атап айтқанда, мыналарды қамтиды:

а) басқару орны;

б) бөлімше;

с) кеңсе;

д) фабрика;

е) шеберхана; және

ф) шахта, мұнай немесе газ скважинасы, карьер немесе табиғи ресурстар өндірілетін кез-келген басқа орын.

3. "Тұрақты мекеме" термині сондай-ақ мыналарды қамтиды:

а) құрылыс алаңы, құрылыс, монтаждау не құрастыру объектісі, осыларға байланысты не бақылау, не кеңес қызметі егер тек осындай алаң, объект не қызмет 12 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрса; және

б) табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғы не ғимарат, бұрғылау қондырғысын қоса, не осыларға байланысты бақылау қызметі, егер тек осылай пайдалану 6 айдан астам уақытқа бойы жұмыс істеп тұрса.

4. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтыған болып қарастырылмайды:

а) ғимараттарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

б) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жіберіп тұру мақсаттары үшін ғана сақтауды;

с) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа бір кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ғана сақтауды;

д) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

е) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез-келген басқа бір қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

ф) тұрақты қызмет орнының қызмет түрлерінің кез-келген амалы нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын а) тармақшасынан е) тармақшасына дейін көрсетілген қызмет түрлерінің осындай амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстауды.

5. Осы Баптың 1 және 2 тармақтарының ережелеріне қарамастан, 6 тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорынның атынан келісім шарттар жасасуға өкілеттігі болса және, әдетте, оны пайдаланып жүрсе, егер мұндай тұлғаның қызметі тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылған күннің өзінде осы тұрақты қызмет орнын 4 тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырмайтын осы бапта көрсетілген қызметпен шектелмесе, онда бұл кәсіпорынның осы тұлға кәсіпорын үшін атқаратын кез-келген қызметке қатысты осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп қ а р а с т ы р ы л а д ы .

6. Кәсіпорын Уағдаласушы Мемлекетте делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар басқа агент арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін ғана, мұндай адамдар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет еткен жағдайда, осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы басқа Мемлекетте

кәсіпкерлік қызметпен айналысатын (тұрақты мекеме арқылы немесе басқалай жолмен) компанияны бақылауы немесе соның бақылауында болуы осы компаниялардың бірін өздігінен екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдыра алмайды.

6-Бап

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен (соның ішінде ауыл шаруашылығынан немесе орман шаруашылығынан) алған табысына осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады. Термин кез-келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен құрал-жабдықты, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, кез-келген опцион немесе жылжымайтын меншік тиесілігінің ұқсас құқығын, жылжымайтын мүліктің узуфруктысы және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа да табиғи қазбаларды игергені немесе игеру құқығы үшін өтемақы ретінде төленетін өзгермелі немесе тұрақты төлемдер құқығын қамтиды теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1 тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті шеттетуден түскен пайда сыяқты жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе жылжымайтын мүлікті оны қандай да болсын басқа жолмен пайдаланудан алынған табыстарға қолданылады.

4. Егер компаниядағы акциялар немесе басқа корпоративті құқықтарды иелену осындай акциялардың немесе құқықтардың иелеріне компанияға тиесілі жылжымайтын мүлікті иелену құқығын беретін болса, осы иелену құқығын тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе қандай да болсын басқа жолмен пайдаланудан алынатын табысқа жылжымайтын меншік орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. 1, 3 және 4 тармақтардың ережелері сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен табысқа және тәуелсіз жеке қызмет көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен түскен табысқа қолданылады.

7-Бап

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНАТЫН ПАЙДА

1. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметпен айналыспаса немесе айналыспаған болса, кәсіпорынның пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын жоғарыда аталған кәсіпкерлік қызметпен айналысып жүрсе кәсіпорынның пайдасына, бірақ оның осы тұрақты мекемеге қатысты бөлігіне ғана басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметімен айналысса немесе айналысқан болса, онда ол осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда нақ осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысатын және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет ететін жеке және дербес кәсіпорын ретінде алуы мүмкін пайдасы әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды, соның ішінде басқару және жалпы әкімшілік шығындарын, олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе басқан жерде жұмсалғанына қарамастан, шегеріп тастауға болады. Уағдаласушы Мемлекеттің шегеретін шығындары осы Мемлекеттің ішкі заңдары бойынша шегерілетін шығындарды ғана қамтиды. Алайда, тұрақты мекеме патенттерді немесе басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін қайтарым есебіне роялти, гонорарлар немесе басқа да ұқсас төлемдер ретінде немесе көрсетілген арнаулы қызметтер үшін немесе менеджмент үшін комиссиялық төлемдер ретінде немесе, банк кәсіпорындары жағдайларын қоспағанда, тұрақты мекемеге қарызға берілген сомаға проценттер төлеу ретінде кәсіпорынға немесе оның басқа офистерінің кез-келгеніне төленген соманы тұрақты мекемеге шегеріп тастауға болмайды.

4. Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекеменің пайдасын анықтау кәсіпорынның жалпы пайдасын оның әртүрлі бөлімшелерінің арасында пропорциональды бөлу негізінде қаншалықты дағдылы болса, соншалықты осы Уағдаласушы Мемлекетке салық салатын пайданы қабылданған бөлу жолымен анықтауға 2 тармақта ештеме тиым салмайды бірақ таңдап алынған пропорциональды бөлу әдісі осы Баптың принциптеріне сай нәтиже беруі керек.

5. Осы тұрақты мекеменің кәсіпорны үшін тауарлар мен бұйымдар сатып алған үшін тұрақты мекеме қандай да болмасын пайда тапқан болып есептелмейді.

6. Егер пайда осы Конвенцияның басқа Баптарында бөлек айтылған табыс түрлерін

қамтыған жағдайда бұл баптардың ережелерін осы баптың ережелері қозғамайды.

7. Мұның алдындағы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге қатысты пайда, егер тек мұндай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса ғана, жылма-жыл бірдей тәсілмен айқындалады.

8-Бап

ТЕҢІЗ ЖӘНЕ ӘУЕ КӨЛІГІ

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалда пайдаланудан алған пайдаға осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақтың ережелері сондай-ақ пулға, бірлескен қызметке немесе көлік құралын қолданатын халықаралық ұйымға қатысудан алынған пайдаға да қолданылады.

9-Бап

АССОЦИАЦИЯЛАНҒАН КӘСІПОРЫНДАР

1. Мына жағдайларда:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқанда; немесе

б) бір ғана тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны мен басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнының басқаруына, бақылауына немесе капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқанда,

және әрбір жағдайда екі кәсіпорын арасындағы коммерциялық және қаржы қатынастарында тәуелсіз кәсіпорындар арасында жасалуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орныкса, онда олардың біреуіне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың болуына байланысты оған есептелмеген кез-келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына енгізіліп, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекет басқа Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы басқа Мемлекетте салық салынатын пайдасын осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылайша қосылған пайда екі кәсіпорынның арасында қалыптасқан жағдайлар тәуелсіз екі кәсіпорын арасындағыдай болған жағдайда бірінші

аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, онда осы басқа Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына, егер осы Мемлекет түзетулерді орынды деп қарастырса, тиісті түзетулер енгізуі тиіс. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Конвенцияның басқа ережелері тиісті дәрежеде ескерілуі тиіс, ал Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары қажет болған жағдайда бір-бірімен а қ ы л д а с ы п о т ы р а д ы .

10-Бап

ДИВИДЕНДТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы басқа Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. Алайда мұндай дивидендтерге сондай-ақ дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ алушы дивидендтердің нақты иесі болса, онда о с ы л а й ш а а л ы н а т ы н с а л ы қ а с п а й д ы :

а) егер дивидендтер төлейтін компания капиталының кемінде 25 процентін тікелей иеленіп отырған компания (әріптестіктен басқа) дивидендтердің нақты иесі болса, оның ж а л п ы с о м а с ы н ы ң 5 п р о ц е н т і н е н ;

б) қалған жағдайлардың барлығында дивидендтердің жалпы сомасының 15 п р о ц е н т і н е н ;

Бұл тармақтың компанияның дивидендтер төленіп отырған пайдасына салық салуға қ а т ы с ы ж о қ .

3. "Дивидендтер" термині осы Бапта пайдаланғанда акциялардан немесе қарыз талабы болмайтын басқа да құқықтардан, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компания резиденті болатын Мемлекеттің заңдарына сәйкес акцияға табыс сияқты, салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан а л ы н а т ы н т а б ы с т ы б і л д і р е д і .

4. Егер дивидендтердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базамен холдингтен тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге

қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2 тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7 Баптың ("Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда") немесе 14 Баптың ("Тәуелсіз жеке қызметтер") ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған компания басқа Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алса, егер мұндай дивидендтер осы басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін жағдайды қоспағанда, немесе дивидендтер төленетін холдинг шынында осы басқа Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға жатса, компания төлейтін дивидендтерге осы басқа Мемлекет салық сала алмайды.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып отырған және басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар компанияға осы басқа Мемлекетте осы тұрақты мекеменің пайдасына салыққа қосымша салық салынуы мүмкін. Бірақ мұндай салық басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын компанияның пайдасының 5 проценттік үлесінен аспауы керек.

11-Бап

ПРОЦЕНТТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда, мұндай проценттерге де олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес осы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы проценттердің нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайтын болады.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын басқа Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне толық тиесілі және ол алған, оның жергілікті өкімет органдарын. Орталық Банкті немесе осы Мемлекетке толық тиесілі кез-келген қаржы мекемесін қоса, немесе осындай Үкімет кепілдік берген займнан алынған проценттер бірінші айтылған Мемлекетте салықтан босатылады.

4. "Проценттер" термині осы Бапта пайдаланғанда кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген кез-келген түрдегі борыш талаптарынан алынған табысты және, атап айтқанда, үкіметтің бағалы қағаздарынан алынған табыс пен облигациялардан немесе борыш міндеттемелерінен алынған табысты, соның ішінде

осы бағалы қағаздар, облигациялар немесе борыш міндеттемелері бойынша алынған сыйақылар мен ұтыстарды білдіреді. Уақытында төленбеген төлемдер үшін айыппұлдар осы Баптың мақсаттары үшін проценттер ретінде қарастырылмайды.

5. Егер проценттердің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, проценттер пайда болатын басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе, ал төленетін проценттерге қатысты борыш міндеттемесі шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың ("Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда") немесе 14-Баптың ("Тәуелсіз жеке қызметтер") ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан - Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысты проценттер төленетін қарыз туындаса және мұндай проценттерді осы тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда проценттер тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

7. Егер проценттер төлеуші мен оның нақты иесі арасындағы арнайы қатынастардың себебіне немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасындағы арнайы қатынастарға байланысты борыш талабына қатысты және соның негізінде төленетін проценттер сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда проценттер төлеуші мен олардың нақты иесі арасында келісілуі мүмкін сомадан асып кетсе, онда осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

12-Бап

РОЯЛТИ

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге сондай-ақ ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте

де осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер роялти алушы оның нақты иесі болса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауы тиіс.

3. "Роялти" термині осы Бапта пайдаланғанда әдебиет, өнер немесе ғылыми шығармаларға берілетін авторлық құқықтың кез-келген пайдаланғанға немесе ұсынғанға, соның ішінде кинематографиялық фильмдерге және радио немесе телехабар үшін фильмдер мен пленкаға, кез-келген патентке, сауда маркасына, дизайнға немесе үлгіге, жоспарға, құпия формалуға немесе процесске, немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығы үшін, немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін сыйақы ретінде алынатын кез-келген төлем түрін білдіреді.

4. Егер роялтидің нақты иесі Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, роялти пайда болған басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленетін роялтиге қатысты құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен байланысты болса, 1 және 2 тармақтың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда ретіне қарай 7-Баптың ("Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда") немесе 14-Баптың ("Тәуелсіз жеке қызметтер") ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болса роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті ме, жоқ па - осыған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, соларға байланысы роялти төлеу міндеттемесі туындаса және мұндай роялти осы тұрақты мекеме немесе тұрақты базаға байланысты төлейтін болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болған деп есептеледі.

6. Роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлға арасында арнайы қатынастар болуына байланысты пайдалануға, құқыққа немесе ақпаратқа қатысты төленетін роялтидің сомасы осындай қатынастар болмай тұрғанда роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кеткен жағдайда, осы Баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Бұл жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Конвенцияның басқа ережелерін тиісінше ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңдарына сәйкес салық салынады.

МҮЛІК ҚҰНЫНЫҢ ӨСІМІНЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫСТАР

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің 6-Бапта айқындалғандай (жылжымайтын мүліктен алынатын табыстар) және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алған табыстарына немесе активтерін, негізінен, осындай мүліктен тұратын компанияның акцияларына немесе активтері негізінен, басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тұратын әріптестік пен трастағы үлестеріне осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүліктен алынатын табыстарға, соның ішінде осындай тұрақты мекемені (жеке өзін немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) немесе осындай тұрақты базаны шеттетуден алынатын осындай табыстарға осы басқа Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

3. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының халықаралық тасымалда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе осындай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алған табыстарына тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғ а н а с а л ы қ с а л ы н а д ы .

4. 1, 2 және 3-тармақтарда ескертілгендерден өзге кез-келген мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға мүлікті шеттетуші тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғ а н а с а л ы қ с а л ы н а д ы .

14-Бап

ТӘУЕЛСІЗ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болатын және тұлға кәсіптік қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметке қатысты алған табысқа тек осы Мемлекетте салық салынады, егер оның осындай қызметін іске асыру мақсаттары үшін басқа Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты негіздегі тұрақты базасы жоқ болса. Егер оның осындай тұрақты базасы бар болса, табысқа, бірақ табыстың осы тұрақты базаға қатысты бөлігіне ғана басқа Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез-келген 12 айлық кезеңде ретімен

келген 12 айда жалпы ұзақтығы 183 күннен асатын кезек немесе кезеңдер бойы осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте болса, оның осы басқа оған тұрақты негізде қолайлы тұрақты базасы бар деп есептеледі және оның айналысқан қызметінен осы басқа Мемлекетте алынған табыс осы тұрақты базаға жатады.

2. "Кәсіптік қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметтерді, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметтерін қамтиды.

15-Бап

ТӘУЕЛДІ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. 16 ("Директорлардың сыйақылары"), 18 ("Зейнетақылар"), 19 ("Мемлекеттік қызмет") және 20-Баптардың ("Студенттер, профессорлар және зерттеушілер") ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалдамалы жұмысқа байланысты алған ырзықақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыларға, егер тек осындай жалдамалы жұмыс басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылмаса, осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалдамалы жұмыс осылайша атқарылған болса, ол жақтан алынған осындай сыйақыға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1 тармақтың ережелеріне қарамастан, басқа Уағдаласушы Мемлекетте атқарылатын жолдау бойынша жұмысқа байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға тек алғашқы аталған Мемлекетте ғана салық салынады, егер:

а) сыйақы алушы тиісті салық жылында басталатын немесе аяқталатын кез-келген реттегі 12 айлық созылған кезеңде жалпы ұзақтығы 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы басқа Мемлекетте тұрып жатса, және

б) сыйақы басқа Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы төлесе немесе ол жалдаушының атынан төленсе, және

с) сыйақыны жалдаушының басқа Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы төлемесе.

3. Осы Баптың осының алдындағы ережелеріне қарамастан халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында атқарылатын жалдамалы жұмысқа қатысты алынған сыйақыға осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-Бап

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ СЫЙАҚЫЛАРЫ

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе соған ұқсас органының мүшесі ретінде алған директорлар сыйақыларына және басқа да осындай төлемдерге осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-Бап

АРТИСТЕР ЖӘНЕ СПОРТШЫЛАР

1. 14 ("Тәуелсіз жеке қызметтер") және 15 ("Тәуелді жеке қызметтер") Баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер секілді өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде өзінің басқа Уағдаласушы Мемлекетте айналысатын жеке қызметінен алған табысқа осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының өзінің осы тұрпатында атқаратын жеке қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа адамға есептелсе, онда осы табысқа 7 ("Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда"), 14 ("Тәуелсіз жеке қызметтер") және 15 ("Тәуелді жеке қызметтер") Баптардың ережелеріне қарамастан өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылған Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер осы Мемлекетке келу Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің қоғамдық қорлары немесе оның жергілікті өкімет органдары толық немесе негізінен қолдау көрсетсе, 1 және 2 тармақтардың ережелері өнер қызметкерінің немесе спортшының Уағдаласушы Мемлекетте айналысатын қызметінен алған табысқа, қолданылмайды. Мұндай жағдайда табысқа өнер қызметкерлері немесе спортшы резиденті болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

18-Бап

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР

1. 19-Баптың ("Мемлекеттік қызмет") 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне өткендегі атқарған жұмысы үшін төленетін зейнетақылар мен басқа да осындай сыйақыларға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Уағдаласушы Мемлекетте туындайтын және басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін алименттерге және осыған ұқсас төлемдерге (балаларды күтуге берілетін төлемдерді қосқанда) тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынады.

19-Бап

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

1. а) Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның жергілікті өкімет органының осы Мемлекетке, немесе өкімет органына көрсетілетін қызметтерге қатысты жеке тұлғаға төлейтін зейнетақыдан өзге ырзыақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақыға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады;

б) Алайда егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болса тек мұндай ырзыақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақыға басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады, қайсысы:

(I) осы Мемлекеттің азаматы болса; немесе

(II) қызметін іске асыру үшін ғана осы Мемлекеттің азаматы болмады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті өкімет органы немесе олар құрған қорларда жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе өкімет орган үшін жүзеге асыратын қызметіне төленетін кез-келген зейнетақыға осы Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Алайда егер жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті және азаматы болса, мұндай зейнетақыға тек басқа Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

3. 15 ("Тәуелді жеке қызметтер"), 16 ("Директорлардың сыйақылары") және 18 ("Зейнетақылар") Баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның жергілікті өкімет органы айналысатын кәсіпкерлік қызметке байланысты көрсетілетін қызметке

қатысты ырзыақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақыға және зейнетақыларға
қ о л д а н ы л а д ы .

20-Бап

СТУДЕНТТЕР, ПРОФЕССОРЛАР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛЕР

1. Уағдаласушы Мемлекетке келердің нақ алдында басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болған және бірінші аталған Мемлекетте тек қана білім алу немесе даярлықтан өту мақсатында тұрып жатқан студент, стажер немесе оқушы өзінің тұру, білім алу немесе оқуы үшін алатын төлемдерге, мұндай төлемдер осы Мемлекеттен тыс жерлердегі көздерден төленген жағдайда, осы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Уағдаласушы Мемлекеттегі университетте, колледжде немесе басқа танылған оқу немесе ғылыми институтта сабақ беру немесе зерттеу жүргізу мақсатымен Уағдаласушы Мемлекетте болатын және нақты осы сапарға дейін басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып тұрған немесе болған жеке тұлға, осындай сабақ беру не зерттеу үшін оның бірінші сапарының алғашқы күнінен екі жылдан аспайтын кезек бойы, бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

3. Зерттеулерден алынатын табысқа, егер мұндай зерттеулер қоғамдық мүддеге емес , жеке тұлғаның немесе тұлғалардың бас пайдасы үшін жүргізілсе, 1 тармақтың е р е ж е л е р і қ о л д а н ы л м а й д ы .

21-Бап

ОФФШОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

1. Осы баптың ережелері осы Конвенцияның 4-ден 20 Баптарының ережелеріне қ а р а м а с т а н қ о л д а н ы л а д ы .

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып саналатын және осы басқа Мемлекетте орналасқан теңіз түбін және оның қойнауын және олардың табиғи ресурстарын барлау немесе пайдалануға байланысты қызметті басқа Уағдаласушы Мемлекетте оффшорлы жүзеге асыратын тұлға, 3 және 4 тармақтарға сәйкес, қызметтің

осы түрлеріне қатысты кәсіпкерлік қызметті осы басқа Уағдаласушы Мемлекетте осында орналасқан тұрақты мекеме немесе тұрақты база арқылы жүзеге асыратын б о л ы п е с е п т е л е д і .

3. Егер қызмет кез-келген 12 айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 30 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы жүзеге асырылса 2 тармақтың ережелері қолданылмайды. Бірақ, осы тармақтың мақсаттары үшін:

а) басқа тұлғамен біріккен тұлға жүзеге асыратын қызмет, егер қаралған қызмет айтарлықтай бірінші айтылған тұлға жүзеге асырғандай болса, оның өзіндік қызметімен бір уақытта жүзеге асатын қызметті қоспағанда, басқа тұлға жүзеге асыратын ретінде е с е п т е л е д і ;

б) егер біреуі басқасымен тура немесе жанама бақыланса, немесе олардың екеуі де үшінші тұлғамен немес үшінші тұлғалармен бақыланса тұлға басқа тұлғамен біріккен д е п қ а р а л а д ы .

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің қорларды немесе персоналды орналасқан жерге немесе орналасқан жерлер арасында тасымалдаудан, қызмет жүзеге асатын Уағдаласушы Мемлекетте, осындай қызметке қосымша, теңіз түбін және оның қойнауын және олардың табиғи ресурстарын барлау немесе пайдалануға байланысты немесе буксирлі кемелерді және басқа кемелерді пайдаланудан алған пайдасына тек бірінші айтылған Мемлекетте ғана салық салынады.

5. а) Осы тармақтың б) тармақшасына сәйкес, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі теңіз түбін және оның қойнауын және олардың табиғи ресурстарын барлаумен немесе пайдаланумен байланысқан жалдамалы жұмысқа қатысты алған ырзыақысына, жалақысына және ұқсас сыйақысына осы басқа Мемлекетте міндеттер қай шамада оффшорлы жүзеге асырылса, осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Алайда, егер жалдамалы жұмыс басқа Мемлекеттің резиденті болмайтын жалдаушыға оффшорлы істелсе және кез-келген 12 айлық кезеңде жалпы ұзақтығы 30 күннен аспайтын кезең не кезеңдер бойы, онда мұндай сыйақыға тек бірінші айтылған Мемлекетте ғана салық салынады.

б) Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті қорлардың немесе персоналды орналасқан жерге тасымалдауға тартылған теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалдамалы жұмысқа қатысты немесе орналасқан жерлермен, қайда теңіз түбін және оның қайнауын және олардың табиғи ресурстарын барлаумен немесе пайдаланумен байланысқан қызмет Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асатын немесе буксирлі кеменің немесе басқа кемелердің бортында жүзеге асатын жалдамалы жұмысқа қатысты алған ырзыақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақыға резиденті жалдаушы болатын Уағдаласушы Мемлекетте осындай қызметке қосымша салық салынуы мүмкін.

6. Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің шеттетуден алған табыстарына:

а) барлау немесе пайдалану құқықтары; немесе

б) басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан және осы басқа Мемлекетте орналасқан теңіз түбін және оның қойнауын және олардың табиғи ресурстарын барлауға немесе пайдалануға байланысты қолданылатын мүлік; немесе

в) өзінің құнын немесе құнының көп бөлігін тура немесе жанама осындай құқықтардан немесе осындай мүліктен немесе бірге алынған осындай құқықтардан немесе осындай мүліктен алатын акциялар;

осы бас Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

Осы тармақта "бақылауға және пайдалануға құқықтар" басқа Уағдаласушы Мемлекеттегі теңіз түбін және оның қойнауын және олардың табиғи ресурстарын бақылаудың және пайдаланудың нәтижесі болатын активтерге құқықтарды, осындай активтердің үлесіне немесе пайдасына құқықтарды қоса алғанда, білдіреді.

22-Бап

БАСҚА ТАБЫСТАР

1. Осы Конвенцияның мұның алындағы Баптарында қаралмаған, Уағдаласушы Мемлекеттің резидентінің табыс түрлеріне олар пайда болса да тек осы басқа Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 6-Баптың ("Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс") 2 тармағында айқындалғанындай, жылжымайтын мүліктен алынатын табыстан өзге табысқа, егер мұндай табысты алушы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, басқа Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса немесе осы басқа Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты базадан тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп отырған табысқа қатысы бар құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 тармақтың ережелері қолданылмайды. Бұл жағдайда ретіне қарай 7 Баптың ("Кәсіпкерлік қызметтен алынатын пайда") немесе 14 Баптың ("Тәуелсіз жеке қызметтер") ережелері қолданылады.

1. 6 Бапта ("Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс") айтылған жылжымайтын мүлік түрінде ұсынылған, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің меншігі болып табылатын және басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлік немесе тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте қарамағанда ұстап отырған тұрақты базаға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының халықаралық тасымалда

пайдаланатын теңіз және әуе кемелері түрінде және осындай теңіз және әуе кемелерін пайдалануға қатысты жылжымалы мүлік түрінде ұсынылған капиталға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Уағдаласушы Мемлекет резиденті капиталының барлық басқа элементтері осы Мемлекетте ғана салық салынады.

24-Бап

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ ЖОЮ

1. Қазақстан жағдайында қосарланған салық салу былай жойылады:

а) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес Литвада салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталды иеленсе, Қазақстан:

І) осы резиденттің табысына салынатын салықтан Литвада төленген табыс салығына тең соманы шегеріп тастауға;

II) осы резиденттің капиталына салынатын салықтан Литвада төленген капиталға салынатын салыққа тең соманы шегеріп тастауға; рұқсат береді.

Алайда, егер жоғарыда айтылған табысты алу және капиталға иелік Қазақстан Республикасында болса, мұндай шегеру Қазақстанда қолданылатын ережелерге сәйкес және ставкалар бойынша есептелетін сомадан аспайды.

б) Егер Қазақстанның резиденті осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес тек Литвада ғана салық салынатын табыс алса немесе капиталды иеленсе, Қазақстан осы табысты немесе капиталды салық салу базасына, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа немесе капиталға салынатын салық ставкасын айқындау мақсаттары үшін ғана енгізе алады.

2. Литва жағдайында қосарланған салық салу былай жоғалады:

егер Литваның резиденті осы Конвенцияға сәйкес Қазақстанды салық салынуы мүмкін табыс алса немесе капиталды иеленсе, егер оның ішкі заңдарында ең қолайлы жағдайлар режимі болжанбаса Литва:

а) осы резиденттің табысына салынатын салықтан Қазақстанда төленген табыс салығына тек соманы шегеріп тастауға;

б) осы резиденттің капиталына салынатын салықтан Қазақстанда төленген капиталға салынған салыққа тең соманы шегеріп тастауға, рұқсат береді.

Алайда, мұндай шегеру, екі жағдайда, Литвада табысқа немесе капиталға салынатын салықтың, шегеруге дейін есептелген, жағдайларға байланыс Қазақстанда салық салынуы мүмкін табысқа немесе капиталға қатысты бөлігінен аспайды.

25-Бап

КЕМСІТПЕУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары әсіресе резиденттікке қатысты нақ осындай жағдайларда осы басқа Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе

ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез-келген салық салуға немесе соған байланысты кез-келген талап қоюға ұшырамайтын болады. Бұл ереже сондай-ақ, 1 Баптың ("Конвенция қолданылатын тұлғалар") ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттері болып табылатын азаматтығы жоқ тұлғалар нақ осындай жағдайларда тиісті Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты кез-келген міндеттемеге Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысына да ұшырамайтын тиіс.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекетте ие болып отырған тұрақты мекемеге салық салу нақ осындай қызметпен айналысатын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте қолайсыздау болмайды. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне салық салу мақсаттары үшін өзінің төл резиденттеріне олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасылық міндеттемелері негізінде беретін қандай да бір жеке жеңілдіктер, салықтан босатулар мен кемітулер беруге міндеттейтіндей болып пайымдалмайды.

4. 9 Баптың ("Ассоциацияланған кәсіпорындар") 1 тармағының, 11 Баптың ("Проценттер") 7 тармағының, 12 Баптың ("Роялти") 6 тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін проценттер, роялти және басқа төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсатында олар бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс, осы секілді, Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорынның басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне қарызы осы кәсіпорынның салық салынатын капиталын айқындау мақсатында олар бірінші аталған мемлекеттік резидентінен қалай шегерілсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс.

5. Капитал басқа Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резиденттеріне толық немесе ішінара тиесілі немесе олар тікелей немесе жанама түрде бақылап отырған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші аталған Мемлекеттің осындай кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға және соған байланысты

міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты салық салуға немесе соған байланысты талап қоюға бірінші аталған Мемлекетте ұшырамауға тиіс.

6. Осы Баптың ережелері, 2 Баптың ("Конвенция қолданылатын салықтар") ережелеріне қарамастан, кез-келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қолданылады.

26-Бап

ӨЗАРА КЕЛІСІП АЛУ РӘСІМІ

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері оған осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар етеді деп есептелсе, ол, осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғану құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе, егер оның жағдайына 25 Баптың ("Кемсітпеу") 1 тармағы қолданылатын болса, өзі азаматы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдарының қарауына бере алады. Арыз Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы алғашқы хабар тиген күннен бастап үш жыл ішінде берілуге тиіс.

2. Құзырлы орган, егер ол талапты орынды деп есептесе және өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болғызбау мақсатында мәселені басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органымен өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Қол жеткен кез келген уағдаластық Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарында бар қандай да болсын уақыт шектеулеріне қарамастан о р ы н д а л у ғ а т и і с .

2. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары Конвенцияны пайымдау немесе қолдану кезінде туындайтын кез-келген қиындықтарды немесе күдіктерді өзара келісе отырып шешуге ұмтылады. Олар сондай-ақ Конвенцияда ескерілмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою үшін бір-бірімен ақылдаса алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің құзырлы органдары немесе олардың өкілдері осының алдындағы тармақтарды ұғысуда келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей

байланыс жасай алады. Егер келісімге жету үшін ауызша пікір алуды ұйымдастыру дұрыс болса, мұндай пікір алысу Уағдаласушы Мемлекеттер құзырлы органдарының өкілдерінен тұратын комиссия мәжілісінің шеңберінде болуы мүмкін.

2 7 - Б а п

А Қ П А Р А Т А Л М А С У

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары осы Конвенцияның ережелерін немесе салық салу Конвенцияға қайшы келмейтіндей дәрежеде Конвенция қолданылатын салықтарға қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің ішкі заңдарын орындау үшін қажетті ақпарат алысын тұрады. Ақпарат алысу 1 Баппен ("Конвенция қолданылатын тұлғалар") шектеліп қалмайды. Уағдаласушы Мемлекет алатын кез-келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңдарының шеңберінде алынған ақпарат секілді құпия болып есептеледі және Конвенция қолданылатын салықтарға баға берумен немесе оларды жинаумен, күштеп өндіріп алумен немесе сот арқылы қудалауымен немесе осы салықтарға байланысты шағымдарды қараумен айналысатын адамдарға немесе органдарға ғана (соның ішінде соттар мен әкімшілік органдарына) жария етіледі. Мұндай тұлғалар немесе органдар ақпаратты тек осындай мақсаттар үшін ғана пайдаланады, олар бұл ақпаратты ашық сот мәжілісі барысында немесе сот шешімдерін қабылдаған кезде хабарлай алады.

2. 1 тармақтың ережелері ешбір жағдайда Уағдаласушы

Мемлекеттерге міндеттеме жүктейтіндей пайымдалмауы тиіс.

а) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын жүргізу;

б) осы немесе басқа Уағдаласушы Мемлекеттің заңдары бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да болсын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін, немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық практикаға) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру.

3. Осы бапта орындауға қажет рәсімді айқындау үшін Уағдаласушы

Мемлекеттердің құзырлы органдары қосымша келісім жасай алады.

28-Бап

ЖЕҢІЛДІКТІ ШЕКТЕУ

Осы Конвенцияның кез-келген басқа ережелерінен тәуелсіз Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті, басқа Уағдаласушы Мемлекет ұсынған осы Конвенцияда қаралған салықтарды кез-келген төмендету немесе олардан босату жеңілдігін алмайды, егер осындай резидентті немесе осындай резидентпен байланысты кез-келген тұлғаны жасаудың немесе болуының негізгі немесе негізгі мақсаттардың бірі, қарсы жағдайда ұсынылмайтын, осы Конвенцияның ережелері бойынша жеңілдік алу болса.

29-Бап

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕРДІҢ ЖӘНЕ КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ МҮШЕЛЕРІ

Осы Конвенцияда ешнәрсе де дипломатиялық өкілдіктердің және консулдық мекемелердің мүшелерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларына немесе арнаулы келісімдердің ережелеріне сәйкес берілген салық артықшылықтарын қозғамайды.

30-Бап

КҮШІНЕ ЕНУІ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің Үкіметтері осы Конвенция күшіне енуі жөніндегі конституциялық талаптардың атқарылғаны туралы бір-біріне хабарлайды.

2. Конвенция 1 тармақта айтылған хабарламалардың соңғысы алынған

күннен күшіне енеді және оның ережелері Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де қолданылатын болады:

а) Конвенция күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1

қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыс жөнінде табыс көзінен ұтап қалынатын салықтарға қатысты;

б) Конвенция күшіне енетін жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын кез-келген қаржы жылы алынатын салықтарға, табысқа және капиталға салынатын басқа салықтарға қатысты.

31-Бап

ҚОЛДАНЫСЫН ТОҚТАТУ

1. Осы Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның қолданысын тоқтатқанға дейін күшінде қалады. Уағдаласушы Мемлекеттің әрқайсысы кез-келген күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін ең болмағанда алты ай бұрын әрекетін тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша хабарлап, Конвенцияның қолданысын тоқтатады. Мұндай жағдайда Конвенция Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де өзінің қолданысын тоқтатады:

а) хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1

қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыс жөнінде, табыс көзінен ұстап қалынатын салықтарға қатысты;

б) хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын кез-келген қаржы жылы алынатын салықтарға, табысқа және капиталға салынатын басқа салықтарға қатысты.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ тиісті өкілдіктері бар төменде қол қоюшылар осы Конвенцияға қол қойды.

Алматы қаласында 1997 жылғы наурыз айының 7 күні қазақ, литва, орыс және ағылшын тілдерінде екі дана етіп жасалды, барлық мәтіннің күші бірдей.

үшін

үшін

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Литва Республикасының Үкіметі арасындағы табыс пен капиталға қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы Конвенцияға (осында және одан әрі "Конвенция" ретінде аталатын) қол қою рәсімінің барысында қол қоюшы тараптар Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын мынадай ережелер туралы келісті:

10 Баптың ("Дивидендтер") 6 тармағына қатысты:

6 тармақта айтылған пайдаға қосымша салық екі Уағдаласушы Мемлекеттердің ішкі заңдарына сәйкес алынбаса, 10 Баптың 6 тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай кіргізілген жағдайда екі Уағдаласушы Мемлекеттердің құзырлы органдары өзара келісім бойынша екі Уағдаласушы Мемлекеттерде 6 тармақтың ережелерін қолданатын күнді анықтайды.